



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ

айлық журналы
ежемесячный журнал
№17 (17) 05.01.2016

ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!!!!



Өнер әлемінде болып жатқан күнделікті жаңалықтар легіне шек жоқ... Толассыз ақпараттарға күн сайын емес, сағат сайын куәгерміз. Алысқа көз жүгіртпей-ақ, елордамыздағы ұйымдастырылып жатқан шығармашылық шаралардың өзі көңіл тойдырады. Ал, біз өз тарапымыздан ай сайын жарық көретін журналымызға осылардың маңыздыларын, мәнділерін және өнер жолында аянбай еңбектеніп келе жатқан қайраткерлердің шығармашылықтары турасында жариялаудан тыс қалған емеспіз. Бұл санда да журнал тілшілерінің дайындаған қызықты әрі қызғылықты мақалаларын оқып, сараптамалық жұмыстарына көз жүгіртесіз. Жазар көбейсін, достар!

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

«Шабыт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқышева Н. Р. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Юсупова А. К. - өнертану ғылымдарының кандидаты

Қадыралиева А. О. - өнертану ғылымдарының магистранты, театртанушы

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы

Редактор көмекшісі: Қымбат Елубаева

Тілшілер: Камила Габдрашитова

Нұрислам Әбділ

Ләззат Алпысбаева

Амина Габдрашитова

Жанат Жайлыбай

Назгүл Ақшалава

Дизайнер: Ахат Азтай

Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77024878400

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМҰНЫ

Н. Мұқышева	4	ОРАЗ ӘБИШЕВ ФУЛЬМДЕРІНІҢ ХАЛЫҚТЫҚ СУПАТЫ
С. Бакирова	6	ҚАЗАҚ БУ ӨНЕРІН ДАМУДАҒЫ ТОУФАН ІЗІМНІҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ
Қ. Ежембек	8	ЖАНЫ – АҰ, КӨҢІЛІ – КҮН
Л. Алпысбаева	11	КІТАПХАНА КҮНДЕЛІГІНЕН...
Э. Хайдарова	12	МУЗЫКАЛЬНЫҰ АҚЦЕНТ
Д. Уахитов	14	ART GALLERY
Қ. Елубаева	16	ЕСТЕН КЕТПЕС «ЕС – АҰМАҚ»
Ә. Ақмолда	17	БЕК БЕКБОЛАТ – ТЕКТІ ТІЛЕУЖАН
М. Хыдырбай	19	ӨЛЕҢ ӨРНЕГІ
А. Оралбек	20	СТУДЕНТ КҮНДЕЛІГІНЕН...
А. Габдрашимова	21	АРХЕОЛОГИЯ. ДВЕ СТОРОНЫ МЕДАЛУ.
М. ӘБІЛ	22	«ҚҰС ЖОЛЫ» ДЕП НЕГЕ АТАДЫ ЕКЕН?!
Г. Абдалла	25	ДӘСТҮРЛІ ӘНШІЛЕРДІҢ ВОКАЛДЫҚ ТӘРБИЕСІ
Б. Елтау	26	ҚЫЛ ҚАЛАМ ШЕБЕРІ
Ж. Бектасова	28	МӘҢГІЛІКТІҢ СИМВОЛЫ – ШЫҢҒЫСТАУ...

Ораз Әбішев фильмдерінің халықтық сипаты



Биылғы жылдың мамыр айының 1-күні қазақ өнері мен мәдениетінің көрнекті өкілдерінің бірі, Қазақ КСР-нің Халық артисі, Қазақ КСР-нің Мемлекеттік сыйлығының иегері, қазақ деректі киносының негізін қалаған кинорежиссер Ораз Әбішұлы Әбішевтің туғанына 100 жыл толғалы отыр. Кезінде белгілі қоғам қайраткері, сыншы, публицист Камал Смайылов «Егер, қазақ көркемсуретті киносының негізін салған Шәкен Айманов болса, онда қазақ деректі киносының негізін салған Ораз Әбішев деуіміз керек. Екеуінің есімі қатар аталуы тиіс» деп айтқан еді. Шындығында да, солай болды да. Ораз Әбішевтің өмірі мен

бүкіл шығармашылығы еліміздегі деректі киноның қалыптасуы мен даму кезеңдерімен тығыз байланысты болды. Ораз Әбішев өзінің бүкіл шығармашылық ғұмырында 70-ке жуық деректі фильм және 300-ден астам киножурнал түсірді.

Деректі кинодағы алғашқы жолын кинохроникадан бастады. Бұл 1944 жыл болатын. Алғашқы деректі фильмін 1946 жылы, ал соңғы фильмін 1986 жылы түсіреді. Ораз Әбішевтің деректі кинода қызмет еткен жарты ғасырға жуық кезеңі кеңес үкіметінің елімізде үстемдік құрған кезеңімен тұспа-тұс келген екен. Кеңес үкіметі ә дегеннен кино өнеріне басым назар аударғаны белгілі. Киноға өзінің идеологиясын жүргізуге ең бір ыңғайлы әрі ұтымды өнер ретінде қарады. Әсіресе, деректі киноны сол идеологияның басты қаруы ретінде ұстады. Қысқаша айтқанда, деректі кино кеңес үкіметінің қазақ жеріндегі көзі, жүрегі, әрі қолы болуы керек еді. Бірақ, Ораз Әбішев қазақ деректі киносын үкіметтік киноға емес, халықтық киноға айналдыра білді. Қызыл цензура қайнап тұрған кезде әркімнің батылы жете бермейтін тақырыптарға баруының өзі сол кезең үшін ерлікпен пара-пар болды. Халықтың өткені, мәдени мұрасы туралы көрсетуге, айтуға тиым салған сонау 1960-1970 жылдары осы тақырыпты қолға алып, бірнеше фильм түсірді. Кейін осы фильмдерінің бірін алғаш көргеннен соң көзіне жас алғаны, ол жастың қуаныштың жасы болғаны туралы Олжас Сүлейменов өзінің естелігінде жазды да. Қазір бұл тақырыпты емін-еркін қозғай беруге, шексіз айта беруімізге біздің мүмкіндігіміз мол. Өйткені, біз егемен елміз. Ал, Ораз Әбішевтің жаңағы фильмдері дүниеге келген кезеңде бұндай тақырыптарды айту, көрсету қандай арман болғанын Олжас Сүлейменовтың естелігінен біле беруге болады. Әрине, ондай батылдыққа бару үшін, тек халқына деген сүйіспеншілік қана емес, темірдей берік азаматтық позицияның болуы да өте маңызды еді.

Ораз Әбішевтің азаматтық позициясының тағы бір көрінісін айтып өткім келін отыр. 1959 жылы «Қазақ жерінде» деген фильмін түсіреді. Онда Теміртау қаласының құрылысы туралы көрсетіледі. Фильмнің монтажы бітіп, басшыларға көрсетіледі. Киностудияның сол кездегі директоры Ораз Әбішевке фильмнің атын «Қазақстан жерінде» деп өзгерт дейді. «Бұл қалай болғаны, мен өзгенің емес, өз жерімде, қазақ жерінде тұрамын ғой» деген режиссер, фильмнің «Қазақ жерінде» деген бастапқы атын қалдырады. Осының өзі ұлттық дүниетанымның тереңдігін, туған жеріне, халқына деген ұшан-теңіз

сүйіспеншілігін көрсетіп тұр емес пе? Ал оны дәлелдеу үшін де жаңағыдай азаматтық позицияның беріктігі қажет болды.

Ораз Әбішевтің халықтық кино жасауының тағы бір дәлелі – қазақ өнері мен мәдениетінің, әдебиетінің, тарихының қаншама көрнекті өкілдерінің бейнесін экранда қалдырды. Олардың арасынан күйші Динаны, күш атасы Қажымұқанды, композитор Мұқан Төлебаевты, ән мен жырдың дүлдүлі Кенен Әзірбаевты және тағы да басқа көптеген көрнекті тұлғаларды көреміз.

Ораз Әбішев шығармашылығының келесі, өте бір маңызды тұсы – қарапайым жұмысшылар, құрылысшылар, қойшылар, егіншілер оның фильмдерінің басты кейіпкерлері болды.



Кейіпкерлерінің өмірі мен еңбегін дәріптеді, оны поэтикалық деңгейге дейін жеткізді. Осы тұста айта кететін бір мәселе бар. Ораз Әбішевтің деректі кинода салып кеткен осы бір маңызды үрдісі қазіргі қазақ деректі киносында үзіліп қалды. Бүгінгі қазақ деректі киносы тек тарихи тұлғалар, өнер мен әдебиеттің көрнекті өкілдерінің өміріне ғана назар аударып отыр. Ал, Ораз Әбішевтің фильмдеріндегі кешегі Рәпия, Сатан, Қалыбай сияқты ауылдың қарапайым адамдары, тіпті қалада өмір сүріп жатқан бүгінгі еңбеккерлер, мейлің ол құрылысшы болсын, мейлің ол сатушы немесе оқытушы болсын, заманауи қазақ деректі экранынан тыс қалып отыр.

Ораз Әбішев фильмдерінің тағы бір қырын айтқым келіп отыр. Ол - барлық фильмдерінің қантамырында ұлттық әуездің есін тұратыны. Бұл жерде кадрда немесе кадрдың сыртынан айтылатын әнді, күйді айтып отырғаным жоқ. Фильмді көріп отырғандағы әсерді меңзеп отырмын. Тіпті, табиғаттың өзін көрсетсе де, сол әуезді сезіп отырасың. Дәл сондай әуезді Шәкен Айманов, Абдолла Қарсақбаев, Сұлтан Қожықов, Мәжит Бегалиндердің фильмдерінен сеземіз. Ораз Әбішев фильмдерінің халықтық деңгейге көтерілуінің бір сыры да осында жатыр. Сол себепті, Ораз Әбішев тек қазақ

киносының негізін салып, оның қалыптасу мен даму кезеңдерін анықтап қана қойған жоқ. Егер, Шәкен Айманов, Абдолла Қарсақбаев, Сұлтан Қожықов, Мәжит Бегалиндер қазақ көркемсуретті киносын ұлттық, халықтық деңгейге көтерсе, тура сол сияқты Ораз Әбішев те қазақ деректі киносын халықтық, ұлттық деңгейге жеткізді.



Назира МҰҚЫШЕВА,
Кинотанушы, өнертану кандидаты,
«Өнертану» кафедрасының доценті



Қазақ би өнерін дамытудағы Тойған Ізімнің қосқан үлесі

Би – бекзат өнер. Ал, бекзат өнерді адамның тек көзбен көріп қана бағалауы мүмкін емес. Халық биі – бишінің қозғалысы мен дене қимылы арқылы көркем образды бейнелейтін, ұлттық сахна өнері. Халық би өнері ежелгі би өнерінің дәстүрі мен өрнегін сақтап, өзінің рухани қазынасымен ұштастыра отырып ғасырлар бойы дамыды.

Біз әңгіме еткелі отырған Ізім Тойған Оспанқызының шығармашылық жолы ХХ ғасырдың 70-ші жылдарынан басталды. Өзінің 27 жыл өмірін концерттік шығармашылыққа арнап, еліміздің түпкір-түпкірінде өнер көрсетіп, сонымен қатар Пәкістан, Үндістан, ҚХР, Польша, Венгрия, Түркия, АҚШ-тың көрермендерін қазақ би өнерімен тамсандырған.

1971 жылы Республикалық эстрада-цирк студиясының (қазір Ж. Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі) «Хореография» бөлімін бітірген соң, Торғай облысының орталығы Арқалық қаласына келіп, би өнерінің дамуына өзіндік үлес қосады. Жас мамандардың күшімен, Торғай облыстық филармониясында «Шертер» ансамблі құрылып, Т. Ізім сол ұжымда Қазақстанда алғаш қазақтың фольклорлық билерін билей бастады. 1974 жылы Мәскеуден өнертанушы, балетмейстер Ольга Всеволодская-Голушкевич шақырылып, қазақ билерін жаңғырту бағытында жұмыс істейді. Алғашқы би қойылымын қоюда халықтың тарихи, этнографиялық және тұрмыстық ерекшеліктеріне айырықша мән берілді.

1982 жылдан 1985 жылға дейін халық аспаптары мұражайы жанынан құрылған «Сазген» этнографиялық ансамблінде жұбайы Ү. Мақанмен бірге жұмыс істейді. Бұл дуэттің репертуарының өзіндік ерекшелігі мазмұндылығы мен қазақ халқының ежелгі дәстүрі мен салттарын бейнелеуінде. Ол орындаған «Шалқыма», «Айдабылпым», «Жезтырнақ», «Қылышпан би», «Өрнек», «Келіншек», «Құсбегі-дауылпаз» билері осындай шығармалар болатын.

Т.О. Ізімнің кәсіби шығармашылық жолының жетіліп, ерекше бір жоғарғы деңгейге көтерілген кезі Мемлекеттік «Алтынай» би ансамблінің құрылуымен байланысты. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі, өнертану кандидаты, профессор Т. Ізім өз еңбегінде «Концерттік бағдарламасы тек қазақ халық билерінен құралған ансамбль көрерменнің көзайымына айналды. Қазақ халық биін насихаттауда ұзақ жылдар бойы еңбек етіп жүрген бишілер Үсен Мақан мен Т. Ізім ансамбльге шақырылды. Бұлар Қазақстанда халық биін жұптасып билеп жүрген бірден-бір орындаушылар болатын. Жалпы мұсылмандық Азия халықтарының арасында тек қазақтарда ғана жұптасып билеу үрдісі қалыптасқан. «Келіншек», «Әлдене», «Мерген» билері соның айғағы. Міне, осы орындаушылар 1982 жылы жылы Мәдениет министрлігінің шақыруымен Ықылас атындағы халық музыка аспаптары мұражайының жанынан құрылған «Сазген» ансамблінде биледі. Шығармашылық еңбектерінің нәтижесі ретінде 1984 жылы «Қазақтың фольклорлық-этнографиялық билері» атты бағдарламасын көрермен назарына ұсынып, жоғары баға алған болатын.

Мұражайда көрсетілген осы бағдарламадан кейін өнер жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтің: «Енді қазақ билерінен үлкен бағдарлама жасасақ болады. Ол үшін би ансамблін құру керек» деген ойын құп алған қос биші «Алтынай» би ансамблінің іргетасын қаласты.

Алматы облыстық атқару комитетінде қызмет атқарған, мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф ғалым Ө. Жәнібековтың тікелей қолдауымен 1985 жылы Алматы облыстық филармониясының жанынан «Алтынай» би ансамблі құрылады.

«Алтынай» би ансамблінің жеке орындаушы бишілері – Т.О. Ізім өзінің жұбайы Ү. Мақанмен бірге кәсіби шеберлігін жетілдіру жолында талмай жұмыс істейді. Дәнісінің илгіштігі, нәзіктік, сирек кездесетін әдемі әрі мәнерлі қолдары, қазақ салттарына негізделген сахналық мәдениетті сақтауы, өзіндік сұлулығы мен даралығын айқындай түседі. Жазушы, журналист Ж. Кенжалин осы бишілердің өнері жөнінде: «...әсіресе бишілеріміз Үсен Мақанов пен Тойған Ізімованың ізденісіне, талабына көпшілік дән риза. Олар халық билері «Ай қосақты», «Шалқыманы», «Келіншекті», «Қылышпан биін» ерекше бір шеберлікпен билейді. Дәлірек айтсақ, өр бидің өзіне тән кілтін таба біледі» – деп, ой білдіруі бишілердің өз көрерменінің ыстық ықыласына бөленгендігінің айғағы.

Гастрольдік сапармен жүрген кезінде, этнографиялық мәліметтерді жинақтауда үлкен жұмыс жүргізіп, О.В. Всеволодская-Голушкевичтің қойылымдық жұмыстарына көмектеседі. Өзінің жылдар бойы жинаған тәжірибесінің, шығармашылық ізденістерінің нәтижесінде, 1998 жылы «Алтынай» би ансамбліне үш орындаушыға арналған «Құрдастар», жеке орындаушыға қойылған «Аққу-Ару», көпшілік қыздардың орындауына арналған «Айпара» билерін қояды.

1999 жылы Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясын «Хореография режиссурасы» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының Халық өртісі Б.Г. Аюхановтың сыныбынан бітіріп, өзінің ұстаздық жолын бастайды.

Сахнадан кеткен соң, оқытушылық қызметте де жемісті еңбек етіп жүрген, би өнерін ана тілімізде бойымызға дарытқан, ұлағатты ұстаз. Эльмира Баққали, Диана Қасымжанова атты шәкірттері Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаттары атанса, Мақпал Садықова студент жастардың «Жас толқын» фестивалінің гран-при жүлдесін иеленген.

Қазақ би өнерінің зерттеушісі, «Уақыт және би өнері», «Мемлекеттік «Алтынай» би ансамблі» атты монографиялық еңбектің, «Отан және шетел хореография тарихы», «Қазақ биінің теориясы мен әдістемесі» атты оқулықтардың, қырыққа жуық ғылыми мақалалардың авторы, Ы. Алтынсарин атындағы төс белгісінің иегері.

Жоғары оқу орындары кредиттік технология бойынша білім бере бастағанда, алғашқылардың бірі болып, хореография пәндерінен оқу-әдістемелік кешендерді қазақ тілінде құрастырып, барлық аймақтағы оқу орындарына көмекші құрал ретінде жіберіп отырғанын білеміз.

Шара Жиенқұлова 1965 жылы Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесіне қазақ биін жеке пән ретінде енгізген болса, Тойған Ізім 1990 жылдың аяғында «Отандық хореография тарихын» оқу бағдарламасына енгізді.

Барлық әдемілік пен сұлулық атауы бойына сіңген, өрлік пен ерлік те, намыс пен қажырлық, қайсарлық, нәзіктік, бәрі өн бойынан табылатын, жаныңды тербейтін, шабыттандырып, шәкірттеріне күш беретін Тойған Ізім қазіргі таңда Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық өнер университетінде жас жеткіншектерді білім нәрімен сусындатып, тәрбиеуде аянбай еңбек етуде.

Самал БАКИРОВА,
«Хореография» мамандығының 2 курс магистранты

Жанн – ай, көңілі – күн



Әлем еліне мәшһүр сырбаз суреткер, марқұм Әзірбайжан Мәдиұлының режиссурасымен сахна кеңістігіне сапар тартқан, қомақты қаламгер Шыңғыс Айтматовтың «Ана-Жер Анасындағы» Толғанай бейнесін Қазақстанның халық артисі Гүлжан Әспетованың шынайы нұсқалауы – талай талант иесін таңғажайып театр «ауласына» жетелей түскенді.

Талантты тани алсаң, ол – бақ. Ал бұған қарама-қайшы, керағар, жат қылық, адам бойын билеген жақсы қасиет шарапатына тежеу болары бесенеден белгілі.

Театр – тірі образдардың тоғысқан мекені. Сондай сиқырлы, алып атырапта түрлі тағдырлар жан алысып, жан берісіп жатыр. Бірісі қалғып, енді бірісі шалқып, кейінгісі тасып, одан әрісінің денесі дел-сал болуда...

Саңлақтың өзіне тиесілі кейіпкерді (жағымды, жағымсыз болуы мүлде маңызды емес) жасандылықсыз түрлендіріп, кейіптеуін қырағы көз қиырымен байқап, шеберлігін шын түсініп, дарынын дара деп мойындасаңыз игі. Онда, сіз бақыт құшағындасыз...

Жоғарыда айтқандай-ақ, Гүлжан апай Әспетованың «Толғанайы» іңкәр сезім «індетіне» құштар Айжан Салаеваны алқымынан алып, тылсым театр «мінбесіне» көтеріп, сахна сұлулығын кең сезінуіне ат салысқан. Әуеліде, спортшы болуды арман асуына жүктеген бойжеткен, кейін мәуелі бақ тәрізді мәңгілік театр ішінен табыларын ойламаса керек. Сәби жүрегі сан соққан бала-дәурен шағында ерге лайық еркіндікті желбіретіп, ару табиғатына тән әсемдікті әрлендіруді онша құба-күп көре қоймаған А. Кәрібайқызын, Гүлжан-Толғанай сәтті сүйсіндірген. «Мен актриса болғым келеді», – деп еді ол спектакльден соң.

Сол бір сәулелі, аламан-ақжарма тілек 1995 жылы Т. Жүргенов атындағы өнер академиясына жеткізе барған. Студент кезінен сыр түйген А. Салаева қағылез қабілетімен тәлімгерлерін тәнті еткені тағы бар. Сөйтіп, 1999 жылы ұлы М. Әуезовтің «Еңлік-Кебегінде» – Еңлік, Ф. Эрвештің «Түлкі бикешінде» – Каринаны келісті бейнелеп, КСРО халық артисі К. Кенжетәев және Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі Р. Машурованың шеберханасынан өтіп, қанжығасына диплом байлап, асау өмір ағысына бет бұрып, баспалдағына аяқ басқан.

Одан, асқақ Алматы шаһарында «Айжан» балалар театрында қызмет істеп, С. Жүнісовтің «Сәукелесінде» – Ана, Н. Гернеттің «Мейірімді ертегісінде» – Ертегі перісі, «Ұшатын айдаһарда» (Румын халық ертегісі) – әже, «Ережесіз елге саяхатта» (Итальян халық ертегісі) – Ханзада Бамбини 13, т.с.с бірнеше жарқын образдарға жан бітіріп сахна талаптарына сай ширақтана түскен.

Кейін, Астана қаласына ауысып, кербез Арқаның самалымен сусындаған Қуыршақ театрының түтінін түзу түтетін, мүдде-мұратын түлетуге ынта қойған. Актерлік мамандықпен бірге реті келгенде режиссерлікті атқара жүріп, санқилы қиял өрісін өрлеткен. Солайша, режиссураның абыройлы ақ кемесіне жайғасып, арқалана түскен. Қазіргі күнде, А. Салаеваның сырлы спектакльдері Қуыршақ театрының тірегіне айналған.

Мәселен, ТМД елдері бойынша қуыршақ арқылы тұңғыш балет жанрында сахналанған «Менің салған суретім» (авторы әрі режиссері А. Салаева) 2012 жылдың 11-18 сәуір айында Тәжікстан Республикасы, Душанбе қаласында өткен «Чодари хаёл» III Халықаралық қуыршақ театрларының фестивалінде үздік деп танылып, бірінші орынды иеленген.

Бұл спектакльдің кәркемдік, идеялық дәреже деңгейі жоғары. Өзіндік пәлсапасы бар. Кез-келген бейне (аң, құс, бұлт, гүл) үшеулеп пайда болуы, жүрекке жылулық ұялатады. Жер-жаһанда жетім атаулысы болмауы шарт дегенді меңзейді. Яғни, жалғыздық тек Құдайға тән дегенге саяды.

Балет жанрымен қатар, мюзикльдің де (жалпы, бұл жанрдың да жайы аса бір аспандап тұрған жоқ қой) маңыздылығын ұғынар жан осы кісі. Астана қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» сахнасынан орын тепкен И. Миччи, Дж. Робертс, Л. Вульвертонның «Арыстан патшасы» ел қошеметінде. Аталмыш қойылымды жұрт алдына ұсыну тұрғысынан жалынды суреткер жаңылмаған. Сәйкесінше, мұндай әуен-сазға құрылған дүние қалың артист қауымының табиғи мүмкіндіктерін арттырған. Режиссердің мақсат-мұраты орындалған. Олай дейтінім, 2012 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Мәдениет комитетінің ұйымдастыруымен Елорда төсінде өткен «Ортеке» III Халықаралық қуыршақ театрларының фестивалінде «Арыстан патша» атойлап, лап қоя берген. Сөйтін, екінші орын тұғырынан көрінген.



Сеніммен жүктелген міндетті бұлжытпай орындап, талантын тасқын ететін белді режиссер, қолы қалт босаса болғаны, қаламсап ұстай қалатын әдеті – бізге үйреншікті, қалыпты жайт. «Мен сияқты жаса», «Байқа жолда балақай», «Сиқырлы сандық», «Менің салған суретім» сынды туындылар – оның творчествосының келесі бір көрінісі. Бас қаламыздың Қуыршақ театрының репертуарынан ойып орын алған ертегі-қойылымдар бүлдіршін бесігін тербетіп, елең еткізбей қоймасы анық. Драма, Опера театрлары секілді драматургияның тапшылық азабын балалар, өнер ошақтары да тартып отырғаны мәлім. Індеше, жоқтан бар жасаған А. Салаеваға тағар сыннан адамыз.

Рас, кезінде әйгілі Әмина Өмірзақованы еске алу мақсатын нысана еткен әдемі кештің бірінде, Жанна Әубәкірованың (кино алыбы Шәкен Аймановтың «Тақиялы періште» фильмінің желісімен) сахнаға лайықтап, өндеп жазған сценарийі бойынша қойылған «Тақиялы періште» (режиссері Марина Гарбуз) атты кино-спектакльде Айжан Кәрібайқызының кескіндеген «Тана» рөлі талайды таң-тамаша қылып, өзінің ерекше өзге өнерінің барын қайта байқатқан. Содан, бұлбұл үнді Бибігүл Төлегенова, сезімтал сері Ермек Серкебаев батасын берген-ді. Иә, алдындағы аға-әпкелерінің аманатын арқалаған Айжан күн санап кемелдене түсуде...

Дәлме-дәл уақыт аясында білікті маман актерлік, режиссерлік тәжірибесін ұстаздық ұлағаттылыққа ұластыруға да бел байлаған. «Ол кісі сахнаның қыр-сырын, техникасын,

күпиясын жетік менгерген. Педагогикасы мығым. Тәлімгеріміз үшін сахнада ұсақ-түйек деген ұғым жоқ. Керек десеніз, әрқайсымыздың бет-пішініміздің дұрыс қимылдауына дейін көңіл бөледі. Ал, кемшін түсіп жатқан тұстарымыз болса, әрине үйретіп бағады. Мамандығын шын сүйеді. Айжан Кәрібайқызының тағы бір ерекшелігі – берілген рөлді, оқиғаны, бейнені жалпыға ортақ ұғынықты, қарапайым тілмен түсіндіре алуында. Сосын, ол кісі тамаша әнші. Дауысы таңқаларлық. Онысын талғампаз талант иелері жақсы біледі», – дейді Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Ғалымбек Әкімбек.

Үнемі үкілі үміт шырағын ұстаған, жаны – ай, көңілі – күн көрікті өнерпаз дәл осындай әмбебап. Бәлкім, осы бір мінез-құлық Құралай апа Қалекетқызынан (анасы) дарыса керек-ті.

Ал, сахна сізді сағынды. Дағдылы іс дамылдасын. Сәт-сапар!

Қуат ЕЖЕМБЕК,
Театртанушы

Кітапхана күнделігінен...

Құрметті ҚазҰӨУ-нің студенттері! Сіздерге кітапханамыздың оқу залына жаңа кітаптардың келіп жеткенін хабарлаймыз. Мүмкін сіз іздеп таппай жүрген кітабыңызды дәл осы жерден тауып аларсыз?! Ізденімпаз студент үшін таптырмай жүрген кітаптарын оқу залының сөрелерінен таба алатындарыңызды айтқымыз келеді. Келіп түскен кітаптардың бағыттары да әр түрлі. **Театр әлеміне қатысты:** «Станиславский», В. Толшин мен В. Богатыревтың «Тренинги для актера музыкального театра», А.Б. Құлбаевтың «Сахна сайысы өнері», Б. Нұрпейістің «Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері 1915-2005», оқу ордамыздың көркем сурет факультетінің «Развитие современной сценографии Казахстана» жинағы, А.П. Глушковскийдің «Воспоминания балетмейстера», Н.А. Зверева мен Д.Г. Ливневтің «Словарь театральных терминов» деген кітаптарды; **кино жайлы:** А.А. Лебедевтің «Их оружие – кинокамера», энциклопедический словарь «Кино», «Преодоление», «Из кино летописи Великой Отечественной 1941-1945», «Энциклопедический словарь юного зрителя» кітаптарын; **операторлық өнерге байланысты:** «Фото Photo» жинағының 3 кітабын «жаңа кітаптар» сөресінен көре аласыздар. Сонымен қатар, Абай өмірін, шығармашылығын, зерттеушілері жайлы білгініз келсе, Мекемтас Мырзахметұлының «Абайтану» кітабының 2 томдығын және Рәбиға Сыздықованың «Абай шығармашылығының тілі» кітаптарын таба аласыздар! Сондай-ақ, қазақ тіл біліміне, іс-қағаздарға



катысты, қазақ тілі мен ағылшын тіліне байланысты жаңа сөздіктердің келіп түскенін хабарлаймыз!

Білім тек ізденушілікпен келетінін естен шығармайтын оқырмандар, сіздерді кітапханаға келіп, жаңа кітаптармен танысуға шақырамыз! «Кітап маған тақтан да қымбат» – дейді Шекспир. Ғаламтордан қарап, көз-майын тауысқанша, қолдарыңызға алып, ыңғайлы, тыныш жағдайда оқырман залында отырып оқыған әлдеқайда жеңіл әрі тиімді.

Сондай-ақ, Ақпараттық-кітапхана қызметіне сыйға кітаптар келіп түсті. ҚазҰӨУ оқытушысы В. Шевченконың «Она молчит, но говорит глазами...», «Гуляй, гуляй душа пропащая», «Моя ты, милая земля...», «Вдохновенье – чудотворное мгновенье» (2015) т.б., оқытушы Ляззат Жуманованың «Ансамбли для фортепиано в четыре руки и двух фортепиано» (2015) кітабы, Қорқыт ғылыми-зерттеу институтының қызметкері Риза Әлмұханова сыйға Сүйінбай Аронұлының 200 жылдығына арналған «Бөрілі байрақ ту етіп» (2015) кітабын, Құрманғали Малаевтың «Сарқылмас сұлулық сыры» кітабын (2015), Омархан Несипхановтың туысқандары «Я верю» одноактная опера (Партитура, 2015) кітаптарын біздің кітапханадан оқи аласыздар.

Ляззат Жұманованың жоғарыда аталған жинағының негізгі мақсаты – білім алушыларды атақты әрі қолжетімді музыкалық материалдармен жұмыс жасауға қызықтыру, ансамблдік ойынға қызығушылықтарын арттыру. Ал, Құрманғали Малаевтың аталмыш кітабынан сіздер сәндік және ұлттық қолөнер түрлері жайлы қажет ақпаратты ала аласыздар. Бұл кітапта сәндік және қолданбалы бұйымдардың ағаштан ойып жасалған түрлі тұрмыстық заттар мен бейнелеу өнері арқылы халқымызға белгілі көптеген тұлғалардың келбеттерін беріп отыр. Риза Әлмұханованың сыйға тартқан С. Аронұлының 200 толуына орай дайындалған шығармалар жинағына ақынның 1935 жылдан бері шығып келе жатқан жинақтарындағы шығармалар түгелдей қамтылған.

Сонымен қоса, анықтама-библиографиялық және ақпараттық жұмыс бөлімі Сіздердің назарларыңызға «Жаңа басылымдар бюллетенінің» 3-4 шығарылымын (11-12) ұсынады. «Жаңа басылымдар бюллетені» кітапхана қорына 2015 жылы келіп түскен жаңа әдебиеттер туралы мәліметтерді жинақтайды.

«Жаңа басылымдар бюллетенінде» әдебиеттер басылым түріне қарай білім саласы бойынша топтастырылған. Әрбір бөлімде материалдар толық шифры, сақталу орны және данасы көрсетіліп, автордың немесе тақырыптың әліпбилік ретімен орналастырылған, бұл сізге каталогтан немесе қызмет көрсету бөлімдерінен қажет құжатты іздестіруді жеңілдетеді.

Сонымен қатар, университет баспаханасында басылған «Профессор-оқытушылар құрамының еңбектері және үлгілік бағдарламалар» ұсыныстық көрсеткішін ұсынады. Сіздер бұл библиографиялық құралдармен кітапхананың оқу залдарында, кітапхананың Web сайтында www.kaznuilibrary.kz, факультеттерден таныса аласыздар.

Ләззат АЛПЫСБАЕВА,
«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

Алексей Ефременко: «Хочу, чтобы казахстанская школа баянистов была на высоком уровне»

Лауреат международных конкурсов «Тридцать третий международный конкурс баянистов и аккордеонистов» (Клингенталь, Германия), «Второй международный конкурс баянистов и аккордеонистов» (Москва, Россия) лауреат Государственной молодежной премии «Дарын», Заслуженный деятель РК, преподаватель, воспитавший плеяду учеников – лауреатов международных и республиканских конкурсов (А. Марченко, Ж. Исмаилов, М. Мадыкаримов, К. Стригин, Н. Дамаева, Р. Закиров; Е. Плехов и др.) – это далеко не весь список заслуг одаренного баяниста, доцента КазНУИ Алексея Павловича Ефременко.



Непреодолимое желание Алексея Павловича Ефременко работать, делиться знаниями и мастерством со студентами, желание творить, несмотря на все трудности современности, когда музыкант занимает не самое высокое положение в обществе, не может не вызвать восхищения.

– Алексей Павлович, почему из множества музыкальных инструментов Вы выбрали баян?

– Когда мне было 3-4 года (это были 1977-1978 гг.) баян в России был очень популярным – все хотели на нем играть. Мой отец играл на этом инструменте, а мама очень любила петь под его аккомпанемент. И когда я смотрел на родителей, мне тоже очень хотелось заниматься музыкой. И вот, в 3 года папа и мама подарили мне аккордеон. Но в 6 лет я все-таки выбрал баян, на котором играл отец. И с тех пор я полюбил свой инструмент.

– Вы помните, как прошел Ваш первый конкурс?

– Это был республиканский конкурс, который проходил в Караганде. Тогда я учился в школе им. К. Байсеитовой, а моим преподавателем был сам директор Ахан Абдуллаевич Абдуллаев, Заслуженный деятель РК. Он ставил четко задачи и цели: нужно быть готовым на 200 %. Поэтому я занимался днями и ночами, так как на меня возлагались большие надежды – я представлял свою школу и Алма-Ату.

– Какую роль сыграли 200 %? Наверное, привели Вас к победе?

– Да, я занял 1 место.

– О чем Вы думаете или что чувствуете, когда выходите на сцену?

– Знаете, восприятия с возрастом меняются. Когда я учился – это были одни впечатления, а сейчас, когда выходишь на сцену, это, конечно, совершенно другое. Если раньше я переживал по поводу замечаний педагога или боялся сыграть неверный текст, то сегодня я уже думаю исключительно о музыкальном образе и о том, как его передать слушателям.

– Что любят слушать в Вашем исполнении близкие люди?

– Это очень интересный вопрос. Дело в том, что как это ни парадоксально, ни папа, ни мама не слышали моих сольных концертов. Так уж сложилось. Но они слушали меня дома, когда я приезжал на каникулы. Они слушали, как я занимался, а когда я для них играл, мама часто замечала мои ошибки, несмотря на то, что она не была профессиональным музыкантом.

Сегодня я играю не столько для семьи, а для публики. Стараюсь делать тематические концерты. Также я считаю, что одному инструменту сейчас сложно «выжить». Надо искать тандем с различными инструментами (что мы и делаем) – с домброй, фортепиано, скрипкой. И тогда к нам на концерты приходят не только любители баянной музыки.

– **Много ли существуют сочинений казахстанских композиторов для баяна?**

– Раньше, в школьные годы, когда я готовился к концертам, меня всегда поражало, как мало музыки казахстанских композиторов существует для баяна. В то время было всего 2 концертные пьесы и то в переложении – это «Адай» Курмангазы и «Легенда о домбре» Н. Мендыгалиева. Но сегодня сложилась иная, более отрадная ситуация. Потому что мы более 15 лет сотрудничаем с такими композиторами, как С. Абдинуров, А. Абдинуров, Д. Останькович, А. Бекмагамбетов и др. Существует около 30 произведений, в том числе крупной формы и это уже большой прорыв. На международных конкурсах у нас многие спрашивают, есть ли диски или записи казахской музыки для баяна – зарубежным коллегам интересна наша национальная культура. И сегодня у нас есть, что показать.

– **Наверное, Вы принимаете непосредственное участие в подготовке и появлении сборников произведений для баяна? Расскажите нам, пожалуйста, об этом роде своей деятельности.**

– Совместно с Маратом Нукуевым (декан факультета «Традиционное музыкальное искусство» КазНУИ) издан 1-й том сборника «Той бастар» (2014г.), подготовлен к печати 2-й том. Совместно с композитором Серикжаном Абдинуровым – сборник «Безінген» (2005г.), «Ордабасы» (2007г), компакт-диск «Кипчаки» (Москва, 2007 г.), подготовлен к печати сборник «Кипчаки». Совместно с преподавателем университета, лауреатом международных конкурсов Галиной Ефременко выпущена хрестоматия «Концертные пьесы для дуэта баянистов-аккордеонистов» (2014г.).

– **С какими трудностями Вы сталкивались в своей педагогической деятельности?**

– Путь музыканта – это очень сложный путь. Нужно трудиться день за днем. К счастью, есть учащиеся и студенты, которые хотят чего-то достичь и состояться в жизни.

– **Какие качества вы цените в своих учениках?**

– Трудолюбие, так как у нас очень сложный инструмент. Талант и инициатива: ученики должны «гореть», им это должно быть интересно. Еще – самостоятельность: студенты должны сами решать творческие задачи.

– **Как вы думаете, каково будущее школы баянистов в Казахстане?**

– Я постоянно думаю о том, насколько будет востребована наша профессиональная деятельность. Конечно, к нам поступают хорошие ребята, которые достойно представляют нашу баянную школу за рубежом, да и мы сами, преподаватели университета, стараемся как можно больше концерттировать не только в Казахстане, но и далеко за его пределами. Нам хочется, чтобы наша казахстанская школа баянистов-аккордеонистов всегда была на высоком уровне и известна как можно большему кругу музыкантов во всем мире.

Эльвира ХАЙДАРОВА,

студентка 3 курса специальности «Музыковедение»
Куратор рубрики «Музыкальный акцент» Д.М. Мосиенко



ART GALLERY

Досхан УАХИТОВ,
«Операторлық өнер» мамандығының
2 курс студенті
Т. Тайшанов шеберханасы



Естелік кетіпес «ЕС-АЙМАҚ»



Әр айдың ортасына қарай университетте хабарландыру ілінеді. Зер салып қарасаңыз, ««Ес-аймақ» мәдени-танымдық бірлестігінің кезекті қонағы» – деп басталатын жолдың жалғасы өзгерін өтырады. Бәлкім, сіздер үшін бұл жай ғана қағаз болар. Ал біздер үшін үлкен қуаныш, мақтаныш. Бұл қағазға қарап біз қуанамыз, жүрегіміз жылып сала

береді. Себебі, бұл ұйым тұлғалармен кездесіп, тағлымын тыңдауға, ой-санамызды кеңейте түсуге деген бір қадам талшыныс. Бірақ, қайдам... Әр кафедра өз қазанында қайнасын деп жазылмаған заң бардай, сол белгіленген күні аудиториямыздың табалдырығын аттағандардың қарасы азаймаса, көбеймей түр. Қынжылтады. Абыржытады. Күрсіштеді.

Қалыптасқан дағды бойынша оқу ордамыздың хабарландыру тақтасында бір жапырақ қағаз ілінді. Бұл жолғы мейманымыз, Мемлекеттік «Серпер» Жастар сыйлығының иегері – Жадыра Сейдеш. Аты аталған кейіпкеріміз арнайы бізбен кездесу үшін сонау Алматы шаһарынан ұшып келмек.

24 желтоқсан. Жоғарғы курстағы ағаларыммен қонағымызды күтіп алып, уақытында үлгеру үшін асығып, көлікпен жүйткіп келеміз. Әуелгіде тіл-табыса аламын ба, қалай сөйлесемін деген сан сауалдар жанымды мазалағаны рас. Алайда, бірер минуттардан кейін-ақ, Жадыра Болатбекқызы ағынан жарылып, бізбен құдды бұрыннан таныс жандарша тілдесіп кетті. «Жыл сайын әкем мен бауырымның қайтқан күнінде тұлғаларды жинап, ас беремін. Солардың бірінде Әшірбек ағам да келіп, тағамнан дәм татып, маңдайымнан сүйіп, ақ батасын беріп кеткені есімде» – дегенде көзі жасқа малынды. Жұмыстан қалай қашып келгенін айтып, бізді бір күлдіріп алғаны да бар.

Өнер шаңырағымызға келсек, көрермендер жиналған. Барлығының да күткені бір адам. Тау тұлғалармен тілдескен кісімен бұлардың да шүйіркелесіп, естеліктеріш тындап қалғысы келеді. Тілектері орындалды да. Жадыра ханым осы уақытқа дейін басынан өткергендерін, қалай еңбектенгенін, қиналғанын, қандай тәуекелдерге барғандығын, бәрін айтып берді. Журналистика деген соқпаққа толы жолдың қыр-сырын алдымызға жайғандай болды. Қалай дейсіз ғой... Теледидардың бергі жағынан ғана дайын дүниені тамашалап отырған біздер үшін барлығы да оңай, жеңіл көрінетіні анық. Астанадағы Еуразия Ұлттық университетін тәмамдап, анасының қарсылығына қарамастан арқалап бұрынғы астанамызға жол тартады. Қолына қалам алып үйреніп қалған бойжеткеннің бұл жолғы серіктері де газет, журналдар еді. Аталған қалаға келе салысымен, түйіндемесін барлық арналарға таратты. Өмірдің шынайы бет-бейнесімен осында таныса бастады. Қазақстан Ұлттық телеарнасының есігіне жақындай алмайтындығын түсініп, КТК телеарнасының ұсынысын қабылдаған болатын. Сойтіп жүріп, бауыр еті баласындай болған «Жүрек жарды» бағдарламасы туылды. Баспыларына кіріп жүріп, барлық жауапкершілікті өз мойнына алып, бастап та кетті. Тоқтар Әубәкіровтей, Асанәлі Әшімовтей қайраткерлерді кондіру оңайға соқпағаны

айтпаса да, түсінікті шығар. Кейіннен өнерде, спортта, саясатта өзіндік орнын қалыптастырған шеберлермен кездесті, мұрағатқа құнды дүние қалдыру үшін әлі де болсын еңбектенуде. Шаршамайтынына, шаршаса да бас тартпайтынына сеніміміз мол

Бұл жолғы «Ес-аймақ» ерекше өтті. Қазақтың Жадырасымен кездескеніне, тілдескеніне студенттер де, ұстаздар да риза. «Театртану» бөлімінің 1 курс студенті Әсет Ақмолда өз қаламымен салған суретін тарту етсе, «Кинотеледраматургия» бөлімінің 2 курс студенті Хыдырбай Манарбек өлең арнады. Кездесудің соңы суретке түсіп, қолтаңба алумен аяқталды. Ал «Жүрек жардынын» жүргізуші әрі авторы жана жылдық бағдарламасын даярлауға Алматы қаласына асығып кете барды.

Қымбат ЕЛУБАЕВА,
«Театртану» мамандығының 2курс студенті



Бек Бекболат – Текті Тілеухан

«Желтоқсанның жасындай жарқылдаған жатынды жас батыры (Халық қаһарманы) Қайрат Рысқұлбековтың анасы Дәметкен апа қайтыс болыпты» – деген хабарды естіп, барлық туыстарымның есенгіреп қалған кезі болатын. Алыс-жақын ағайыннан өзге елімізге танымал біраз кісілер де келіп жатты. Сол күні белгілі ұлт жанашыры Бекболат Тілеуханның да келгенін байқап қалып, ерекше ішім жылып қалғанын да жасырмаймын. Барша жұртқа тағылымды сөздеріменен, өнегелі істеріменен сүйікті бола білген Бекболат Тілеуханды бір кісідей жақсы көретініміз бек ақиқат. Бек болмысты Бекболатты, текті Тілеуханды алғаш осындай қарбаласты қаралы күнде көргенмін...

Араға уақыт салып, тағы да рухани қуануыма тура келді. Бекболат ағамыз университетімізге келіп, студенттердің «Ес-аймақ» мәдени-танымдық бірлестігінде әңгімелерімен бөлісетінін естігеннен



тағат қалсашы. Ай сайын өтетін «Ес-аймақтың» орны бұл жолы аузы-мұрнынан шаншылғандай лық толы. Қайтсем де көрем деп, тағылымын тыңдаймын деп тылсым күштарлықтары мәжбүрлеп қаумалап келген барша студенттерді, ұстаздарды көріп Бекболат мырза кішкене толқып тұрғанын әуелгі сөзден айта кетті. Нақ бір өзі сан салалы шежіре дегендей-ақ Ақтамберді, Доспамбет, Қазтуған сынды әрі батыр, әрі жыраулардан, зар заман жыршысы Дулат Бабатайұлынан, дана Абайдан мысал келтіре тын дүниелерге қанықтыра кеткенде ләззатқа шомып кеткенімізді байқадық па?!

«Жырауларды тындап өскен ұрпақ ешқашан қызтеке болмайды, жыраулардың жырларының сөзінің парқын білген қазақ ешқашан итаршылыққа түспейді, жырауларын қадірлеген ұлт намыссыз болмақ емес», – дегенді ұлт жанашыры Бекболат.

Әкесінің ешбір мектеп бере алмас тәрбиесін бойына мол сіңіргендігі жайлы: «Бізді әкеміз қатал тәрбиеледі. Жұмысқа салды. Енбекке машықтандырды» – дегенде көкейімде өз әкемнің берген тәрбиесі қандай еді деген сауал туындай бергені бар. Ал, өз балаларын шарифат жолымен, имандылық тәліммен тәрбиелейтінін айтқанда болашақта міндетті түрде ұстанататын парызым ғой демесіме жол бар ма? Ой салады. Ой сала отырып, жөн сілтейді. Өмірдің кейбір сәттерін жана қырынан танығандаймыз. «Ес-аймақтың» төрінде есіл аға барлығымызды елітіп тастаған-ды.

Біз бидайық деген құс екенін білдік пе? Оның көлдің бетіне ұя салатынын ше? Бұз деген сөздің мағынасы «айсберг» екенін естіп пе едік? Есесіне енді біліп жүреміз. Тағылым демекпіз татымды. Қазтуған сынды басқа да жыраулардың қарымды сөздерінің мәнісін түсінбей немесе басқаша түсініп жүргенімізді осы «Ес-аймақта» сездік-ау. Бар ықыласын салып тындап отырған тыңдаушылар «Е, солай екен ғой...» деп те, серпілісіп жатты емес пе?! Өнер ордасының қауымы, әрине өнерінен сусындап қалсақ деген ниеттен алыс болмайды. Сол мақсатпен Бекболат жырауға киелі домбыра ұсындық. «Ешнәрседе тектен-тек жаратыла салмайды, сол секілді Ұлы Абайдың негізгі бастауы Дулат деп біліңіздер» – деді де, қоныр үнге салып Дулат Бабатайұлының, Абайдың әуездерінен қанықтырды, Қазтуған, Ақтамберді, Доспамбет жырларынан керемет көсілді. Көсілгенде делебеніз қозбаған болса, я рахаттанбасаныз онда кінәні өзіңізден ізденіз...

Әсерлі әңгіме де, әсем ән де, рухты толғау да орын алған осынау кеште ауа жетпестей жиналған көпшілік, кезекті «Ес-аймаққа» келер ме екен? Хош, оны да келер күннен көріп алармыз. Бекболат Тілеухандай ақберен қайраткерге деген ыстық ықыластары басқа да «Ес-аймақтың» қадірлі қонақтарына арта бергей деп тілейміз!

Айтары көп еді-ақ, бірақ бәріміз де әлімсақтан уақыттың құлымыз. Тамсанып терең тындап, толықтай сусындай алмай қалдық, айтары көп әңгімелеріне қанбай қалдық. Санамызға мықтап сіңіріп аларлықтай мына бір айбатты сөздерін айтпай кетуге болмас. «Алаштың асыл азаматы Сұлтанмахмұт, «...қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам(ыз) деген жоқ қой, «боламын» деді. Демек, қазақтың әрбір азаматының кеудесінде осындай «өзім» дейтіндей өрлік болуы керек» Ойлантып тастамасы бар ма?! Неткен жалынды да рухты сөз. Намысты да мәнді, мағыналы. Ендеше, баршамызға осындай ұранды нәсіп етпей!

Әсет Ақмолда,
«Театртану» мамандығының 1 курс студенті

Періште сезім

Өзіне қол созған үмітпен,
Періште сезімді жылаттың.
Жүрсең де басқамен күліп сен,
Мен сені сонда да ұнаттым.

Жүректің түндігін түрін кең,
Басқаның бағында гүл аттың.
Қайырылмай кетер деп біліптем,
Орнатып көңілге бұлақ мұң.

Ып-ыстық жалындай сезіммен,
Бұрқанып теңіздей тасынам.
Күшқым кеп болаттай төзіммен,
Мың мәрте оқталып басылам.

Сыр ұғып қарақат көзіңнен,
Мен саған жетуге асығам.
Өңімде тілдеспей өзіңмен,
Түсімде мойныңа асылам.

Қиялдың көліпде табысып,
Аршын төс аққудай мүсінмен.
Тәп-тәтті ерніңнен бал ішіп,
Тек сені көреміп түсімнен.

Таң ата төтті түс ауысып,
Кететін құр елес пішінмен.
Тағы да мұныммен қауышып,
Оянам сені аңсап ішімнен.

Түбі бір мен саған ұнармын,
Айым деп, күнім деп еркелеп.
Бүгінде көретін шығармын...
...Құрысын жатайын ертерек.

Манарбек ХЫДЫРБАЙ,
«Кинотеледраматургия» мамандығының
2 курс студенті

Мәдениеттану – жарқын болашақтың кілті

Мен, Альбина Оралбекқызы тұңғыш мақаламды мақтанышым – мамандығыма арнамақпын. Білім тәжірибемде музыкалық педагог сынды лауазымым да бар. Балқаш қаласының мәдени-сауық орталығында «Эстрадалық-вокал» үйірмесінің жетекшісі болып жұмыс істедім. Сондай жұмыс күндерімнің барысында «...білімімді жалғастыруым тиіс» дейтін бір ой жаныма маза бермейтін тұғын. Бұл ой ақыры мені елордамыз Астанадан бірақ шығарды. Қазақ Ұлттық өнер университетінің «Қазақстан тарихы және гуманитарлы пәндер» факультетінің «Мәдениеттану» мамандығына түстім. Қазір 1 курс студентімін. Бүгінгі таңда бір мақсаттың жетегінде жүрмін, ол, әрине – білім алып жатқан кәсібімнің шебері болу.

Мәдениет – адамзаттың басты құндылығы, халықтың ертені, бүгінгі мен болашағы. Ол ХХ ғасырда ғылыми пән ретінде қалыптасты. Жоғары оқу орындарында бұл саланы таңдаушы талапкерлер саны күн санап артуда. Маңыздылығы мен өзектілігі жайлы тілге тиек етпесек те айдан анық. Ауызекі сөйлеу тілінде мәдениет баршаға таныс сөз: мәдени саябақтар, қызмет көрсету және тұрмыс мәдениеті, мұражай, театр, кітапхана туралы жиі айтамыз. Бір мезгілде ол әлеуметтік-гуманитарлық танымның мәдениеттанушылар зерттейтін басты ғылыми түсінігі болып табылады. Сондай-ақ, бұл адам болмысының күрделі факторларының бірі.

Мәдениеттану, мәдениет теориясы – кешенді гуманитарлық ғылым. Оның қалыптасуы ғылыми білімнің интеграциясының жалпы тенденциясын көрсетеді. Ол – тарих, философия, әлеуметтану, жантану, антропология, этнология, этнография, өнертану, семиотика, лингвистика, ақпараттану пәндерімен өзара тығыз байланысты.

«Мәдениеттану» мамандығын таңдаған себебім де осыдан. Жаһандану заманы жастарының рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуға өз үлесімді қосу, патриоттық тәрбиеге, ұлттық сана сезімді оятуға баулу. Сондай-ақ, білім алу және қоғамдық жұмыстарға белсене қатысу біліктілігін арттыру, дәстүрлі мәдениеттің рухани және материалдық құндылықтарын сұрыптап, оларды білуге итермелеу. Бұл бүгінгі қоғамның басты міндеттерінің бірі. Пән ретінде студенттердің қоғамдық белсенділіктерін дамытуға, бос уақыттарын тиімді өткізуге, сонымен қатар мәдениет пен спорт бағытын жетілдіруге, университеттің ұжымдық мәдениетін арттыруға бағытталған. Аталған арналар бойынша мәдениеттану мамандығының студенттері алуан түрлі конкурстар мен дөңгелек үстелдер, іс-шаралар өткізеді. Әрқашан көрме, кинотеатр, театр, мәдени жорықтар, қала мұражайлары т.б. студенттік экскурсиялар ұйымдастырып отырады. Мәдениет саласында қызмет етіп жүрген дарынды өнер қайраткерлерімен қызықты кездесулер жиі өткізіледі.

Әрбір пәнде әлемдегі екі дүниеден кателеспеуге тырысу керек. Біріншісі, өмір бойы арқалап жүретін мамандық таңдағанда, екіншісі, әрине, жар таңдағанда. Осы қос жолды қолтықтаған кез-келген адамның келешектегі ғұмыры мәнді де, сәнді болмақ.

Альбина ОРАЛБЕК,

«Мәдениеттану» мамандығының 1 курс студенті

Авторская колонка Габдрашитовой Амины

Археология. Две стороны медали.



Четвёртого февраля в стенах нашего университета состоялась встреча с известным казахстанским археологом Зейноллой Самашевым. Гость представил вниманию присутствующих презентацию-отчет о своих археологических экспедициях и рассказал об уникальности артефактов, скрывавшихся долгое время под землей.

В ходе своего выступления З. Самашев уделил особое внимание некоторым артефактам,

имеющим особое значение в изучении культуры и истории Казахстана. Таковыми являлись найденные золотые украшения, свидетельствующие о высоком уровне мастерства казахских ювелиров. Обнародовав такие открытия, мы не только заявляем всему миру о богатых культуре и истории казахов, но и помогаем себе лучше узнать собственную историю.

Чем интересна археология? Наверное, своей непредсказуемостью. Мы можем строить множество теорий о том, где раньше появилась колесница, но без непровержимых доказательств это только слова. Приписывать артефакту наши догадки, подстраивать его под наши предположения неправильно. Археология учит анализировать, сравнивать, изучать и, уже отталкиваясь от находки, строить версии о ее назначении, ценности, происхождении. Сейчас новые физико-химические анализы помогают ученым установить более точную датировку предметов, состав тканей и т.д. Изучая артефакт, мы можем говорить о том, создан ли он на нашей территории или завезен из другого региона, что, в свою очередь, свидетельствует об определенных торговых связях.

Представляя путь, который совершает артефакт из недр земли на полку музея, невольно думаешь о том, какой труд проделывают участники археологических экспедиций. Когда перед тобой сидит ученый, в костюме, показывает на слайдах красивые, очищенные, пронумерованные предметы, кажется, что так оно всегда и было, что эти предметы были найдены такими, как они изображены на страницах учебников. Но на самом деле археология – это неизбежный физический труд, заботы о сохранности находок для дальнейшего исследования, ибо время и природные факторы уже оставили свой отпечаток и нужно действовать по принципу «не навреди».

Вернемся к нашему гостю. Зейнолла Самашев представил нашему вниманию несколько разных курильниц, которые использовались для очищения помещений. Высокий уровень мастерства изготовления курильниц свидетельствуют об их значимости, а также подтверждает сильную веру в очищающую силу огня.

Интерес зрителей привлекли фотографии с раскопок курганов: поэтапная работа по расчищению территории, снятие верхнего слоя дерна, фото кургана в разрезе. Стоит отметить хорошую работу фотографов и художников, являющихся неотъемлемой частью любой археологической экспедиции.

На вопросы студентов о возможности участия в раскопках, ученый ответил положительно. Но отметил, что собрать людей несложно, и неисследованных земель на территории нашей страны много, но нужно специальное разрешение и, конечно же, финансирование.

В завершении встречи я поймала себя на мысли, что какими бы увлекательными не казались археологические экспедиции, ко всем сопутствующим сложностям готов не каждый. Надеюсь, что когда-нибудь нам представится возможность поработать вместе с многоуважаемым гостем, и сотрудничество это будет плодотворным.

«Құс жолы» деп неге атады екен?!.

Сұлу да төкөшпар, заңғар да биік Хан Тәңірінің еншісіне бұйырмаған әдеби даңқ қарапайым ғана Қараш-Қараш шоқыларының атын әлемге жайған. 1904 жылы 20 желтоқсан күні Бас Қараш пен Орта Қараштың арасындағы қып-қызыл жақпар тасты ерзулеп өтетін асудың жалғыз аяқ жіңішке жолында болған өқиға бүгінгі күні «сахна» дейтін киелі де қасиетті мекенде орын алуда. Феодалдық қоғамның «рыцары» қатарындағы барымташы, жортуылшы Бақтығұл мен халқының қамын ойлайтын кемеңгер, қараңғы жұртқа жарық сәуле іздеген Жарасбай жаны «театр» атты тіршілікте шиыршық атып, қорермен жүрегін тым еткізді.

Жақында елордалық ҚАЛЛЕКИ театрының ұжымы өз репертуарын тағы бір ауқымды қойылыммен толықтырды. Белгілі театр режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлімбек Оразбековтің сахналауымен дүниеге келген қойылым өз биігінен көріне білді. Таласып, халық сендей соқтығысып, екі кеш бойы «Қаллеки» театрында ине шаншар орын болмай, спектакль аншлаппен өтті. М. Әуезовтің психологиялық терең иірімге толы шығармаларын кез-келген театрдың батылы барып, сахнаға шығару талабы күрделі дүние. Оразбекөв Әуезөв өлеміне кездейсоқ келе бермейді, бұл жолы да кездейсоқ келмесе керек. Режиссердің М. Әуезов повесіндегі Бақтығұлды сатқан Жарасбайды емес Қ. Ысқақ инсценировкасындағы (сахналық нұсқа) Бақтығұлды сатуға мәжбүр болған Жарасбайды таңдауы да кездейсоқ емес. Ол «Қараш-Қараш» оқиғасына Алаштың алғашқы идеясы – «жер» мәселесін көтеру үшін қадам басты. Аруақты дала, қасиет қонған туған мекені «Қаратас жайлауынан» айырылуы Жарасбайды өлімге итермеледі. Демек, қойылым елін-жерін сүйеге тәрбиелеп қана қоймай, талғампаз көрерменнен ұлы даланы қаламмен, санамен, жүреппен, жігермен, парасатпен, намыспен қорғауын талап етеді. Жарасбай – ойдың адамы, Бақтығұл – істің адамы. Осы екі ұғым бірін-бірі түсінуде сәл жаңсақтық жіберсе, «сатқындық» дейтін жау тұтқиылдан шабуыл жасап, «адал достықтың» орнын алмастырады. Бақтығұл – кең даланың батыр ұланы, озбыр қоғамнан таяқ жесе де тегеуірінді. Төні күресте... Жарасбай – көп қараңғының ақыл шырағы, надан халқының бұлыңғыр болашағына алаң болса да төзімді. Жаны күресте... Қойылымның кеңістігі мен сценәграфиялық шешімдері, актерлердің ойыны, әуен, жарық – бәрі ерекше үйлесім құрған. Қаллеки театры «Қараш-Қараш» үшін арнайы Қырғыз Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, суретші Юлдаш Нұрматовты шақырды. Юлдаш жасаған сахналық декорация қойылымға өзгеше ауан, өзгеше тыныс берді. Ю. Нұрматов пен Ә. Оразбековтің суреткерлік тұжырымдамаларында метафоралық реквизиттер мүмкіндігінше орнымен қолданылған. Мәселен, сахнадағы үш қара тас, арқан, ай, қамшы, тор, самұрық құстың дауысы, әлди үйі, т.б. Қаратас – біресе Тектіғұлдың зираты, Сәлмендердің орындығы, Бақтығұлдың қонысы. Ал, Әзбергенге Сарысақалдың: «Бақтығұлға аттан, пәлеге қалдыр, ұры атансын!» деген тапсырмасын айтарда сөзге байлану, бодандық, ерік секілді ұғымдардың қызметін атқарғаны айқын. Биір сотында екі жақтың бір-бірімен арқан арқылы жалғасып тұруы – ру-руға бөлінген, сөзі түйіспес бітімсіз халықтың көрінісін көз алдына өкеледі. Аспандағы айлар – аруақты дала деген ұғым берсе керек. Тоқпаев пен Николайдың Жарасбайдан жерін тартып алар сахнасы, зираттардың құлауы қойылымның аса аянышты, трагедиялық тұсы. Демек, Қаллеки ұжымы тек қана спектакль

қойған жоқ, көрермен қауымға: «Сен, ата-баба аруағына, арманына, өсиеті мен аманатына қиянат жасап жүрген жоксың ба?» деген саналы сұрақ қояды. Ал, қамшы –шабыс пен намыс деген ұғымға саяды десек қателеспейміз. Самұрық құстың дауысы қойылым басынан бастап естіліп, көңілге қорқыныш ұялатады. Ол қорқыныш – Жарасбайдың, Бақтығұлдың, Қаратастың басына келер қатерге ескерту жасап тұрған режиссер тапқырлығы. Тор – жол бедері, өмір белестері, қалаберді адам санасының, көңіл күйінің құбылыстарына дейін бейнелейді. Әлди үні – ұрпақтың үні, Жарасбай арманының үні іспеттес. Жарасбай мерт болғанда да, осы үннің естілуі де осыны аңғартса керек. Метафоралар мекені – Әлімбек Оразбектің әлемі. Қойылымның негізгі идеясы жер мәселесі болғандықтан және ол тақырып бүгінгі қоғаммен біте қайнасып жатқандықтан, режиссер біржақты самұрық құсқа ғана баса назар аударма бермесе деген тілек бар. Мәселен соңғы сахнада Жарасбайға мәжбүрлікпен қол қойғызғанда, қазақтың жері іспетті жасалған картаға ұқсас мата сыпырылып үш рет жерге түсіп, арғы жағынан самұрық құстың белгісі көрінеді. Әрине режиссердің ішкі әлеміне, суреткерлік болмысына иелік етуге қақымыз жоқ, бірақ осы жерге тағы да самұрықты көрсетудің қажеті жоқ секілді. Себебі, қазақтың жауы Кеңестік империя ғана емес. Егер, сол сахнада самұрық құс болмаса, ариерсценадағы бос кеңістік жеріңе көз аларытып, қатер төндіргендер тарихта да, қазір де көп, тіпті қазақтың жауы қазақ деген де ойдың шетін шығарар еді. Жарасбай Бақтығұлға: «Осыны Құс жолы деп неге атады екен?» дейді... Сіз, құрметті көрермен қойылым аяқталған соң осыны неге құс жолы деп атады екен деп ойланып көрдіңіз бе?! Құс жолы – Жарасбайдың, Бақтығұлдың немесе көрермен... сенің жұмбақ тағдырың. Ол сенің



қиялында, арманыңда бедер алады. Ал, өмір адам қиялымен, арманымен қай уақытта да санаса бермесі анық қой...

Спектакльдің әуендері де өзіндік орнәгін, бояуын дәл тапқан. Қ. Тоқымбетов пен

О. Жақыпбектің еңбегі еш кетпеген дәуге негіз бар. Қобыз сарынымен үндескен әуен жастарымызды рухтандыруға, түзу жолға салуға үйретеді. Қойылымдағы басты рөлдерді кескіндеген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері – Н. Өтеуілов, Қ. Қыстықбаев, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері – С. Қашқабаев, театр және кино актері – Е. Нұрымбеттердің ойын үлгісіне мақтау айтудың немесе кемпілік көрсету қиын, қателессен қиянат. Әрқайсысының өз ойын өрнәгі өзгеше, актерлік ауа-райы қойылым бойынан байқалып жатқаны ақиқат. Мәселен Нүркең-Жарасбай – терең, ішкі әлемі жұмбақ, кеменгерлік деңгейге көтерілін кеткен, оның кемпілігі тіл білместігі. Өтеуілов ойынына енген көрермен кейіпкердің бұл кемпіліктерін ұмытып кетері анық. Ал, Сырым бойынан зиялылық пен болыстық болмыс бедер алады. Қуандық-Бақтығұл – Жарасбайдан өзін төмен санамас рухани биіктік байқалса, Ержан-Бақтығұл – ішкі әлемі ояу, құлазыған құбылыс байқалады. Тектіғұлдың өлімі Қуандық-Бақтығұлды қаһарға қарғытып міндірсе, Ержан-Бақтығұл туған інісінің өліміне көндіге алмай әлсіздік танытып, төменгі темпке түсе отырып: «Мен де сенің алқымыңнан алып өлермің, сүм дүние!» деген биікке жаймен көтеріледі. Нұрымбет Бақтығұлында кейіпкер өмірбаянына бағыну басым. Қыстықбаев Бақтығұлы өзіне де, өзгеге де көндікпес рухты батыр. Ол Жарасбайға: «Сен менен терең ойлайды екенсің, мен сенен таяз екенмін...» дейтін режиссер қосқан мәтінін айтып тұрса да, жанарымен болмысындағы қайсыбір бедерлермен өзін биік санайды. Қуандықтың бойына біткен бұл рух бәлкім «Рысқұл Жылқайдаровтың өмірлік бейнесіне қиянат жасап, тасада қалдырмадым ба?» деген ойдан туындаса керек. Асылбек Қапаев – Тоқбаев бейнесіне малынды, жүзді, малтыды, бар болмысын берді. Оның озбырлығы, құйтырқылығы, жалпы пьесалық характерінің талаптарына Қапаев асыра жауап берді десе артық айтпағандығымыз. Актерлік ансамбль өз міндетін жақсы атқарды, әсіресе Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері – А. Омар, М. Қайсановтардың орыс бейнесін, тілін жетік меңгергендігі байқалады. Сәрсеннің (Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Б. Ыбыраев) Жарасбайды болыстыққа сайларда билерді бітімге келтіру жолындағы жан қиналысын, Жүніс молданың (Ж. Оспанов, Н. Есен) жас та болса салмақты болмысын, Қатшаның (Б. Мақсұтова, С. Тоқманғалиева) қайғысын, Сөлмен (Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері К. Нұрланов), Сарысақал (Б. Молдабаев), Әзберген (Қ. Бұғыбай), Қайранбай (С. Байыров), Қоқыш (Д. Әлімов) Ақсақал-билер (А. Молдахметов, А. Сұлтан, Ж. Мұсаев), бала (А. Өмірбеков) қойылымда өз міндеттерін атқара білді. Қаллеки театрының актерлік ұжымының момын иірімдеріне қанығасың... Тар сахнаның пайдасы – кинода көрініс табатын, театрда сирек кездесетін актерлік паузалар, айқайсыз табиғи ойын үлгілеріне мол мүмкіншілік береді. «Қараш-қараш» қойылымы – осы айтылғандардың айқын дәлелі.

Сұлу да тәкәппар, заңғар да биік театрлардың репертуарына бұйырмаған «Қараш-қараш» оқиғасы қарапайым гана ҚАЛЛЕКИ театрының атын әмбеге жайды.

Мирас ӘБІЛ,
Театртанушы

Дәстүрлі әншілердің вокалдық тәрбиесі

Қазақтың ұлттық мәдениет үрдісіндегі ғасырлар бойы дамып келе жатқан дәстүрлі ән мектебін оқытудың бір саласы – **дауыс қою** әдістемесі. Арнаулы музыкалық білім беретін өнер ордаларындағы дәстүрлі ән мамандығына қосалқы сабақ ретінде оқытылатын дауыс қою мамандығы білім беру стандарты бойынша міндетті пән болып табылады. Оқушылардың дауысын кәсіби әншілік салтымен тәрбиелеу; дауыс қоюдың техникалық ғылыми жолдарын үйрету; үйренушінің дауыс табиғатына сай жаттығуларға машықтануын қалыптастыру; вокалдық мәдениетті сатылай оқыту арқылы дауыс мүмкіндігін жетілдіру; вокалдық оқудың методикалық техникасын жан-жақты игерту.

Әнші дауысының қуаттылығы мен дыбыстық сапасын арттыру үшін вокал мәдениетінің саң-салалы ғылыми әдістемелерін пайдалана білу бүгінгі күн талабы. Сондай-ақ, дәстүрлі әншілерге дауыс қою барысында ең бастысы халық әнінің ерекше иірімдерін сақтау және қазақы дауыс табиғатын саф қалпында сақтап қалу да оқытудың басты бағдары болып қалмақ. Халықтық ән салу үлгісінің бұзылмай сақталуы мамандықтан дәріс танытушы ұстаздар қауымының еңбегіне тікелей тәуелді болса, дауыстың аспап сияқты күмбірлеп таза шығуы вокал тәрбиешілерінің жұмысына байланысты екені ақиқат.

Вокал – музыкалық дыбыстың көркемдік дәрежесін және техникалық мүмкіндігін арттыра алатын ғылым, әрбір дыбыстың өзара байланысу қисыны мен ырғақтық еркіндігі вокал арқылы тәрбиеленеді, вокал әншілік шеберлікке қол жеткізудің бірегей дара жолы болып табылады. Вокалдық өнерде көкіректен шыққан өуеннің биіктік тазалығы, жалпы диапазондық кеңдігі, ноталардың орындалу шеберлігі, ырғақты есту сезімталдығы қадағаланады. Сонымен қатар, ауыз бұлшық еттерінің мимикалық қозғалыстары, жоғарғы, орта, төменгі резонаторлардың қалыпты жұмыс істеу әдістері оқытылады. Вокал тәрбиесі әрбір әншінің күнделікті жаттығу дағдысына айналуы қажет, ол дыбыс туындатушы ағзалардағы вибраторны біркелкі тонуста ұстап отырады, соның арқасында таза әуез бұзылмай сақталады.

Егер үйренушіге бастапқы кезде дұрыс дауыс бағдары берілмесе оқушының болашағына, әншілік өміріне кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан да оқушыларға вокалдық техниканың дұрыс әрі сапалы қойылуы сахналық өнердегі әншілердің жоғары деңгейге жетуінің кепілі болып саналады. Қорыта айтсақ, қазақ әншілігінің өзінше дамыған мектебі болған, ендігі күнде соның мақамын сақтау мақсатында тер тәгу міндеті алдымызда тұр. Бұл салада вокал өнерін пайдалану, оны ұлттық әншілікпен бірге ұштастыру да өзін-өзі ақтай алатын жол екенін біздің бай музыкалық мұрамыз дәлелдеп отыр.

Әміре атамыздың Парижде мұқым еуропа тыңдармандарын тандандыруы тектен-тек емес екені рас. Сондай-ақ, бұл салада еңбек еткен аға буын өкілдері: К. Байсейітова, Ш. Бейсекова, Ж. Омарова, Р. Абдуллин, Б. Жылысбаев, Е. Серкебаев, Қ. Байбосынов, Б. Төлегенова, Б. Досымжанов, М. Мұсабаев, Н. Нүсіпжанов, Қ. Омарбаев, К. Мыржықбаев есімдерін ілтипатпен атай аламыз, олар еуропалық вокал мен ұлттық әншілік мәдениетін жарасымды жалғастыра білген және қазақы әншілікті әлемге мойындатқан халқымыздың аяулы ұлдары мен қыздары. Қазіргі ән өнерінің кәсіби мектептерін дамытып жүрген аға буындардан Қ. Байбосынов, А. Алматыв, Е. Сарин, А. Нығызбаев. Жастардан Е. Жаңаберженова, А. Балажанова, К. Төленбаева, Т. Нүркеновтардың еңбектері қандай да бір құрметке лайықты. Сондықтан дәстүрлі әншілердің вокалдық техникасын дамыту замандық сұранысқа ие болып отыр, ендігі жерде ұлттық нақыштын шашауын шығармай тәрбиелей алатын вокалдық методика ілімі керек, әрі оның жасампаздығының мәдени стратегиясы бар екенін баса айту парыз.

Гулнар АБДОЛЛА,
«Дәстүрлі ән» кафедрасының аға оқытушысы

Білгенге маржан

Қыл қалам шебері

Бейнелеу өнері – қиялға қанат байлап, шабытқа бөлейді. Шетелдіктер алыстағы ұлтты алдымен осындай мәдениеті, өнері және тарихы арқылы таниды емес пе?! Осы тұста қазақ бейнелеу өнеріне өзіндік қолтаңбасын қалдырып, алыс жақын шет елдерге қазақ елінің өнерін паш еткен қыл қалам иелерінің бірі де бірегейі – Тоқболат Тоғысбаевтың шығармашылығына шолу жасамау мүмкін емес.

Тоқболат Төлөпбайұлы Оңтүстік Қазақстан облысы Төлөби ауданында 1940 жылдың қазан айының бесінші жұлдызында дүниеге келген. Шығармашылық жолы Алматы көркемсурет училищесінің (қазіргі Алматы сәндік қолданбалы өнер колледжінің) табалдырығын аттағаннан басталды.

Қалың жағысты бояу түрленіп қана қоймай, жарықтай жарқырағанда жан-жағына сәуле шашқандай әсер қалдырады. Ол қанық түстердің күш қайратын мазмұнмен байыта, төгілте жырлаған. Ұстазы М. Кенбаев болып келетін суретшінің «суретші» болып қалыптасуына үйіндегі ісмер әжесінің ықпалы үлкен болған. Ол: «Менің алғашқы ұстазым – Тондай еді» деп, алғысын білдірін отырады. Сан құбылған бояулар сырын бойына сіңірін өсуіне де әжесінің қол өнер шеберлігі көмектеседі. Суретші 1967 жылы Республикалық көркемсурет көрмесіне қатысады. Бұл Тоқболат Тоғысбаевтың ең алғашқы көрмесі болатын. Осыдан соң қыл қалам иесі КСРО суретшілер Одағының мүшесіне қабылданады.

1967 жылы кезіп бетінен орын алған «Қызыл фондағы натюрморт» атты картина шығармашылығында маңызды орын алады. Онда сәнді қызыл фонда қазақтың қол өнер туындыларын іліп қойғандай етін бейнелеген.

Келесі бір ерекше картиналарының бірі – «Ұя». Картина үлбіреген нәзік рендермен берілген поэтикалық туындылардың бірі. Бояу жұқа, мөлдір қабатпен жағылып, жоқ болып балқып кетердей болып көрінеді. Көп шөптердің әдемі үйлесімі арқылы суретші дүниеге деген өз ойын жеткізуге тырысады. Тағы бір керемет картиналарының бірі – «Дала әндерінің нақыштары» деп аталады. Картинада түр мен түс, кеңістік пен пішіндер композициясы асқан талғаммен таңдалған. Көрермен бір қарағаннан-ақ, дала әндерінің нақышынан айрықша әсерге бөлжені сөзсіз.

Лирикалық сарында жұмыс жасайтын суретші Қазақстанның Еңбек сіңірген өнер қайраткері атағымен екі мәрте марапатталған. Бірі 1989 жылы болса, бірі 1965 жылы. Суретші тынымсыз еңбектің арқасында көптеген жетістіктерге жетті, сол бір жылдардың өзінде Тоқболат қылқаламынан туған туындылар Республикалық, Бүкілодақтық және Халықаралық көрмелерде қойылды.

Тоқболат Тоғысбаевтың ерекшелігі қолына қыл қаламын алған әрбір сәтіндегі өз халқының бойындағы ең бір асыл қасиеттерді, ізгі сезімдерді іздеп тауып, оны айшықтап көрсетуге ұмтылуында жатқан болар. Адамгершілік құндылықтар: отбасы берекесі, адамдар бауырластығы, сертке беріктік, сөзге тоқтау, кірпияз тазалық пен ақжарқындық, тұлғаларды тану мен тұлғалық таңдану, бәрі-бәрі де оның шығармашылығының негізгі жетістігі.

Суретші «Дала әндері нақыштары» (1968 ж.), «Сайыс» (1972 ж.), «Әнші таулар» (1973 ж.), «Жаңғырған дала» (1980 ж.), «Бейбітшілік әні» (1985 ж.), «Түйешілер» (1986 ж.),



«Жайлылық» (1986 ж.), «Бейбітшілік туралы ән» (1985 ж.) тағы басқа еңбектерінде халқымыздың ұлттық ою-өрнектерінен өмір іздерін көрсете білді. Абайдың, Құрманғазының, Махамбеттің, Нұрғисаның портреттерін салды. Халқының азаттығы мен ерлігін жырлаған жасампаз тұлғалардың бейнесін мінез-болмысына қарай зерттеп, қылқалам өнерінде мәңгі қалатын үлгіде түсіргеніне шүбә келтірмейміз.

Тоқболат Тоғысбаевтың есімін жұртқа әйгілі еткен бірегей туындылары – үш бидің бейнесі. Тұсына келген адам тарих тылсымына үніледі. Триптих-портреттің ерекшелігі – Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың үш кемеңгерінің бейнесін салуды алғаш қолға алған адамның алдында қаншама ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндер тұрған еді. Тарихты білмей, өткеннің сабағынан дәріс алмай мүлтіксіз дүние туа ма? Жок, әрине. Ол үшін шаң басқан архивтің ішінде біраз күн көз майын тауысуға тура келеді. Арғы-бергі тарихты сүзіп болған соң, көкірекке түйген әсерді қиялда өрнектеп шығу үшін суретшіге қаншама ұшқыр ой керек десеңізші...

Шығармашылығын ұлттық колоритке толы картиналардан құраған Тоқболат Тоғысбаев туған жерін алуан нақышпен өрілген бояу арқылы әлемге таныда білді. Кімге болмасын кіндік қаны тамған туған жері жүрегіне жақын. Ыстық қылқалам иесі туған өлкесінің этнографиялық құндылықтарын қиял-арманы қалықтаған тұстың барлығында санаға мықтап құйып отырған. Ол қазақтың рухы мен күш-қайраты өзінің төл туындыларында, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпында жатқанын жазбай танығандықтан, осы ұғымнан қай кезде де бас тартпаған.

Алпысыншы-сексенінші жылдарда кеңестік саясаттың шарықтап тұрған кезі болатын. Сол уақыттың тынысын айшықтап, атақ-даңққа бөлене берсе, кім ұстапты оны бұл жолдан? Коммунизмді, социализмнің жетістіктерін неге жырламады? Саясаттың сойылын соғудан неге қашты? Ненің тозып, ненің мәңгі өмір сүре беретінін бағамдаудың өзі тек қана талантты адамдардың ғана қолынан келетінін шығармашылығындағы кез-келген туындысы шашаусыз баяндап тұрғандай.

Ал, енді қыл қалам шеберінің кескіндеме өнерінде қандай стильді ұстанғанына келсек. Негізі суретші шығармашылығындағы картиналар постимпрессионизм бағытына сай келеді, яғни импрессионизмнен кейінгі бағыт. Постимпрессионизм – бейнелеу өнері тарихында импрессионизм негізінде пайда болған ағым. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында француздық өнердің жиналмалы бірнеше бағыттардың бірі импрессионизмнің жалғаушысы болып табылады. Постимпрессионистік суретшілерді бір ғана нәрсе біріктіреді, ол – импрессионизмнің белгілілерін көркем-шығармашылық эстетикалық ізденістерге итермелеу, кенепке лезде орындалатын жұмыс емес ұзақтау уақытта бейнеленетін, өмірде кездесетін жағдайларды материалды түрде, жандүниеде кездесетін бейнелерді кескіндеу болып табылады. Постимпрессионистер шығармалары адам ойының терең түкпірлеріне бойлай еніп, олардың рухани әлемін нақты әрі тұжырымды тәсілдермен айқын аша білу жетістігімен ерекшеленді. Бұл ізденістер өр түрлі жолдармен жүрді.

Сондықтан да болса керек, Тоқболат Төлепбайұлы өз картиналарында өзіндік сезінуді, ұлттық рухты, көшпенділердің классикалық ойлау ерекшелігін толығымен жеткізе алатын қыл қалам иелерінің бірі де бірегейі.

Балерке ЕЛТАЙ,

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
«Өнертану» мамандығының 2 курс студенті

Мәңгіліктің символы – Шыңғыстау...

Мен Семейде екі күн өткізгелі отырмын.

Мен үшін творчестволық жолымның есігі айқара ашылған күн демекпін. Абай бабамыздың аруағына тағзым етіп, өмірлік, шығармашылық және ой тұнығым – сырымды ашатын қадір күнім-ау деген ойдамын. Құдай ғұмыр берсе қаламымды әр түрлі әдеби салада сермемекпін ғой. Абай бабамыздай болмасақ та, ұқсап бағып, ыждаһат, қайрат төрізді адами қасиеттерді бойға сіңіру жолындамын.

Қанағат, ынсап, нәпсіні тыю төрізді дүниені бойға жыйсам деймін. Екі балам, ұлым мен қызымның бойларына нәр сеуіп, өзімнің жеке басымның тыныштығын ойламай солардың бойына осы бір тылсым дүниені егіп, болашақ ұрпағыма адал тәрбие берін, рухани өсу ендігі менің мақсатым. Мені осындай адал ой осы сапарға жетелегені – шын сырым.

Ал, сапар барысына келер болсақ, Семейдің көшелері мен саябақтарын аралап, Абай мұражай-үйіне бардым, жұмыс уақытымен танысып, бүгінгі күні демалыс күні екеніне көзім жетті. Құда-жекжат, көптен көріспеген туған-туыстармен жолығып, мәре-сәре болғанымыз жасырын емес...

Ертеңгісін Абай мұражайына тағы ат басын бұрдым.

Мұражай қызметкерлерімен амандықты біліскен соң, жөнімді айтып, Абай мұрасымен елінде танысу сапарымды бастадым. Абай бабамыздың ғұмырнамасын терең айғақтайтын, хронологиялық тәртіпте тәтпіштейтін құжаттар қатарымен таныса отырып, Жидебайдағы орналасқан ғимараттардың кіші көшірмелерін де көрдім. Қатты әсер алдым. Сол екі ортада Карина телефон шалып, Жидебайға баруға мүмкіндік барын айтып, тіпті көліктің мені мұражай маңында күтіп тұрғанынан да хабар берді.

...Жидебайға барар жолда, алғаш кезіккен кесене Күшікбай батыр кесенесі. Күшікбай батыр туралы қарт Семейдің ұлы Мұхтары сөз арнағанын бәріміз білетініміз бесенеден белгілі. Және де кешегі күні біздің өнер университетінің «Актер шеберлігі» бөлімінің студенттері дипломдық спектакльге арқау еткені де есімде сайрай жөнелді.

«Қорғансыздың күніндегідей» емес, кесене және қыр басы мамыра жай, жайма шуақ күйде.

Сары дала, аңызақ жел күздің дымы аз-маз сезілген тамыздың салқын самалы ой-санаммен қоса бетімді өзінше аймалайды. Дегенмен, сөзбен санамда салынған кішігірім картина ойымда тамырлана бой көтерді. Ендігі ісім студенттерді оқытып, Мұхтар шығармашылығымен таныстырған кезімде, сөз алды осы шығарма болсын деген ойға келдім. Күшікбай батыр аруағына құран бағыштап, бет сипап сапарымызды әрі жалғап, жол тарттық.

Ендігі жолда Еңлік-Кебек бейіті мен шықтай таза махаббатқа арнап қойылған кесенелік кешенге бас сұғылып, тағзым етілді.

Ендігі қазақтың елдігінің кіндігі – Абай бабамыздың кесенесі, соңғы он жыл өмірі

өткен орынға аттың басын тіреу. Бардық, Жидебайға жеттік. Кесенелер орналасқан аумаққа ендік. Әркім өзінше толқыды...

Ең алдымен амфитеатрға еніп, күмбездер орналасқан биікке көтеріліп осы жердегі ең биік күмбезге еніп, Абай бабамыз бен оның сүйікті інісі жатқан жерге тағзым етіп, іштей ой-арман, тілектерімізді қайталай отырып медет сұрағанымызға шүбә келтірмеймін.



Абай бабамыздың бейіті қоңыр мәрмөрдан сандық тәрізді жасалған екен, ал Оспан бейіті бесік тәрізді оюланып жасалыныпты.

Бізге кесене ішінде мәңгілік тыныштық серік болды. Біраз уақыт үнсіздік сақтап, кесене ішінің салқын ауасымен дамылдап, ұлы бабамыздың аруағына бас идік.

Еее... мәңгілік тыныштық!

Келесі кесене Шәкәрім қажы мен ұлы ұрпағы Ахат Шәкәрімұлына да тағзым жасадық. Мәңгілік тыныштықпен қатар, өмірдің өзі қамшының сабындай қысқалығын, келуші, біздер жан-тәнімізбен ұға шықсақ та рухани ойдың мәңгі екенін, сол мәңгілік біз секілді пенделерін бас идіретінін мойындағандаймыз.

Абай бабамыздың соңғы 10 жыл тұрақ болған үйіне де бас сұқтық. Бізге сенімдей білдірілген ишаратты қабылдай отырып, мұражайдағы бөлмелерді аса бір ыждаһатылықпен және ескі заттарды бипаздай қарап, 110 жылдай тарихы бар ескі мүлікті, үйді түгел аралап шықтық.

Көрдік, қарадық, таныстық, сезіндік. Біраз уақыт жол серіктерім, жүргізуші, мен үнсізбіз, бойымызға жаңа ұялаған рухани ақпаратты әркім өзінше қорытудамыз... Солай... ұзын-ұрға, жыртық-тесік жыра, ойлы-қырлы жолға сүр көжек көлігіміз сүңги Семей қайдасын деп жөнелді. Көлік ішінде мұңлы жасампаз тыныштық орнаған, сол тұста көңілімдегі медеу ой мынау еді: «Абай бабамызға тыншымаған, зырылдаған, зуылдаған мына заманда біздің маза бермесіміз анық. Біріміз медет, біріміз көп қыдырысымыздың бір құрандысындай, ал біріміз жай әншейін жұрт барып жатыр менде барайыншының керіме екен еді. Әй, қайдам бекер баруға болмас!»

Ұлы Абай Жері! Сары дала, аңызак желімен төкаппар биікке қол созған, мұнарлана алыстан, мен мұндалаған Шыңғыстау!

Сары дала да үрпі-түрпісіз момақан күйге еңген.

Шыңғыстау, қойныңдағы кәрі, қоңыр тарихынды батпандатып енгізіп, мысқалдап шығаратын кейіптесін.

Шыңғыстау – төкаппар биік, ұлы ұлын бауырына алып, адамдарды мәртебесімен биіктігіне бас идіруде. Сондықтан да ол алыстаған сайын биік, мұнарлы, саналы жүрекке нұр құяды, ойсыз санаға сұңғылалық сыйлайды. Адамдық пен пенделікке биік қарап, сенікі дұрыс па деп сынамай-ақ, тек, менімен пара-пар адамзаттың ұлы, ұлылық пен кішіліктің қайнауы Абай мен Шәкәрімді бір-бір күз жартасына балайды.

Шыңғыстауды талай зерделі сөз сүлейлері жырына, сөзіне қосқан шығар. Мен сенін жоталарында, қойнауында, жақпар тастарында мәңгілік үнсіздік пен ұлы тыныштықты көрдім. Сені көтерген сары дала да сол ғажап тыныштықты бұзған аңызактың мәңгі желі желіп жүргені ауаннан-ақ сезіледі. Ал біз пенделер сол мәңгілікті көрмекке асығамыз. Асықпа пенде, сол тыныштыққа қадалып тұрып құлақ тос. Шыңғыстаудың кәрі тарихын ызындап өзі-ақ айтып береріне мен шәк келтірмен!

Жұмажан БЕКТАСОВА,
Филология ғылымдарының кандидаты

